«ҚҚК – ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА, 2026»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕҢБЕРІНДЕ
«JAS TOLQYN» ЖАС ТАЛАНТТАР
БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Jas tolqyn» жас таланттар байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаттары мен міндеттерін айқындайды, байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін регламенттейді, тапсырманың мәнін, нәтижелерді бағалау критерийлері мен тәртібін, байқауға қатысушылар мен жұмыстарға қойылатын талаптарды, оларды байқауға ұсыну тәртібін, байқауды өткізу мерзімі мен орнын көздейтін шарттарды айқындайды және байқаулық іс-шаралар аяқталғанға дейін қолданылады.

1.2. Байқауды қаржыландыру «Каспий Құбыр Консорциумы-К» Акционерлік қоғамның (бұдан әрі – Қайырымдылық жасаушы) қайырымдылық қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

1.3. Байқау әкімшісі – «Бақыт бұлағы» Қоғамдық қоры (бұдан әрі - Әкімші).

1.4. Серіктестер: Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері, Қазақ ұлттық өнер университеті, үкіметтік емес ұйымдар, БАҚ.

1.5. Байқау әкімшісі: • Байқауды дайындайды және өткізеді; Байқаудың барлық қатысушылары үшін тең жағдайларды қамтамасыз етеді; • Байқаудың ашықтығын қамтамасыз етеді; • Байқау нәтижелері туралы ақпаратты олардың ресми жарияланатын күнінен бұрын жариялауға жол бермейді; • Байқаудың шарттарына сәйкес оның жеңімпаздары мен лауреаттары болып танылатындарға сыйлықтар беруді қамтамасыз етеді. • қазылар алқасының бірінші кезеңдегі жұмысының нәтижелері бойынша екінші және үшінші кезеңдерге қатысушылардың құрамын қалыптастырады • Байқаудың құжаттамасын қабылдайды және бекітеді; • шеберлік сабақтарын өткізетін Қазылар алқасының құрамын қалыптастырады және олардың жұмысын ұйымдастырады.

1.6. Ұйымдастыру комитеті – Әкімші мен Серіктестер өкілдерін қамтитын алқалы орган; • БАҚ-та Байқау өткізуді жариялауды қамтамасыз етеді; • қатысушыларды Байқаудың өткізілетіні және қабылданған шешімдер туралы хабардар етеді. Ұйымдастыру комитеті тәуелсіз қазылар алқасы мүшелерінің баға қоюына және Байқауға қатысушыларға арналған марапаттау орындарданын беруге жауапты болмайды.

1.7. Байқау туралы ақпарат ресми интернет-сайтта: **www.jas-tolqyn.kz** және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

1.8. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды, Лауреаттарды анықтау Байқаудың қазылар алқасына жүктеледі.

2. БАЙҚАУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Байқау келесі міндеттерге қол жеткізуге бағытталған: - балалардың шығармашылыққа деген қызығушылығын дамыту; - дарынды балаларды анықтау және қолдау; - балалар мен жасөспірімдер арасында хореография, вокал, аспаптық музыка өнерін дәріптеу; - балалар – жасөспірімдер және жастар шығармашылығы мәдениетін дамытуға жәрдемдесу; - балалар шығармашылық ұжымдарының басшылары мен балаларды өнердегі, қосымша көркемдік білім берудегі жаңа үрдістер мен бағыттармен таныстыру.

3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

3.1. Байқауға Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарында тұратын 9 жастан 18 жасқа дейінгі **«Jas tolqyn» байқауына бұрын қатыспаған** балалар шақырылады:

- кіші топ (толық 9 жастан 11 жасқа дейін қоса алғанда),
- орта топ (толық 12 жастан 14 жасқа дейін қоса алғанда),

- үлкен топ (15 жастан 18 жасқа дейін қоса алғанда).

Байқау бес номинация бойынша өтеді:

- «Хореография» (халықтық және эстрадалық би);
- «Вокал» (соло, дуэт);
- «Дәстүрлі ән өнері» (әнші-солист, өзін музыкалық аспапта сүйемелдеумен, ансамбльдер);
- «Аспаптық жанр»: халықтық және классикалық аспаптар (ансамбльдер, соло).
- «Әлеуметтік бейнежазба» (жеке орындау): «Туған өлкенің мәдениеті мен дәстүрлері» тақырыбындағы әлеуметтік ролик.

Ескертпе:

«Аспаптық жанр» және «Дәстүрлі ән өнері» (ансамбльдер) номинацияларында - жас санаттарына бөлу жоқ. Байқауға қатысушылар (соло) үш топқа бөлінеді: кіші, орта және үлкен.

3.2. Байқау ашық және сырттай-қашықтықтан (I кезең) және күндізгі (II, III кезеңдер) форматта өткізіледі.

3.3. Әрбір қатысушы бірінші кезеңге қатысу үшін екі байқау өнер көрсетілімін ұсынуы тиіс («Аспаптық жанр» номинациясына қатысушылар осы номинацияға қойылатын ережелердің талаптарына сәйкес бір немесе екі байқаулық шығарма бойынша бағаланады).

Байқаулық өнер көрсетілімдері 5-бөлімде көрсетілген талаптарға сәйкес ұсынылуы тиіс.

3.4. Байқау шарттарына сай келмейтін Байқаулық жұмыстар қаралмайды.

3.5. Әкімші келіп түскен жұмыстардың құрамы мен санына байланысты байқау кезеңдерінің номинациялар санын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

3.6. Байқауға қатысу өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

3.7. Байқауға қатысу үшін жарна төленбейді.

3.8. Байқауға қатысушылар дербес деректерді өңдеуге, сондай-ақ өз бейнелерін қайырымдылық жасаушының жарнамалық, ақпараттық және өзге де материалдарында пайдалануға өз келісімдерін береді.

4. БАЙҚАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1. Байқау Байқауға қатысуға өтініш берген және осы Ереженің 3.1-тармағында көрсетілген елді мекендерде тұратын балаларды барынша қамту қағидатын ескере отырып өткізіледі, оның ішінде:

4.1.1. өңірлік орталықтарда тұратын балалардың және осы Ереженің 3.1-тармағында көрсетілген аудандарда тұратын балалардың қатысуына тең жағдайларды қамтамасыз ету.

4.2. Бірінші кезең – «Сырттай- қашықтықтан өткізілетін байқау».

Өткізу орны: Интернет желісінде, қатысушылары 3.1-тармақта көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келетін және осы Ереженің 5-бөліміне сәйкес өз жұмыстарын мәлімдеген тұлғалар (бұдан әрі – Қатысушылар).

2026 жылғы 01 наурыздан 01 сәуірге дейін – сауалнамаларды қабылдау (өтінім **www.jas-tolqyn.kz** сайтында рәсімделеді).

2026 жылғы 06–30 сәуір аралығында – қорытындыларды шығару. Тәуелсіз кәсіби қазылар алқасының жұмысы, қорытынды хаттамаларға қол қою.

4.3. Екінші кезең – «Күндізгі өңірлік байқау».

Өткізу орны: Атырау қ.

Өтетін күні: 2026 жылғы маусымның екінші онкүндігі.

Өткізу формасы: шеберлік сабақтарының кеңейтілген бағдарламасы (жоғары кәсіби оқытушылар, сахна шеберлері, актерлер), қойылымдарды жеке талдау, ресми марапаттау рәсімі, салтанатты Гала-концерт. Екінші кезең қатысушылары – тәуелсіз қазылар алқасының хаттамасына сәйкес айқындалған сырттай- қашықтықтан өткізілген байқаудың (I кезеңнің) лауреаттары арасынан іріктелген жеңімпаздар.

4.4. «Біріктіруші мәдени форум» байқауының үшінші кезеңінің бағдарламасына қатысу.

Өткізу орны: Мәскеу қаласы.

Өтетін күні: 2026 жылғы желтоқсан айы.

Өткізу нысаны: мамандандырылған оқу орындарында байқаулық қойылымдар, шеберлік сабақтары бағдарламасы, ресми марапаттау рәсімі (байқаудың III кезеңінің нәтижелерін жариялау), қорытынды Гала-концерт. III кезеңге қатысушылар – тәуелсіз қазылар алқасының хаттамасына сәйкес айқындалған күндізгі өңірлік байқаудың (II кезеңнің) Гран-при иегерлері.

5. **«СЫРТТАЙ-ҚАШЫҚТЫҚТАН ӨТКІЗІЛЕТІН БАЙҚАУ» БАЙҚАУЫНЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

5.1. Сауалнама ресімдеу. Қатысушылар байқаудың ресми сайтында сауалнама толтырады. **Сауалнамалар 2026 жылғы 01 сәуірге дейін сағат 17:00-ге дейін қабылданады.** Сауалнама автоматты түрде жасалады. Сауалнаманың барлық тармақтары толтырылуы керек

5.1.1. Сауалнаманы толтыруды бастамас бұрын сізде: электронды түрде жеке парақта еркін нысанда жасалған қатысушылардың, жетекшілердің тізімі (аты-жөні, ЖСН, топта кім бар) дайын екеніне көз жеткізіңіз. Оған ілесіп жүретін делегация тізімі қоса берілмей жіберілген сауалнама-өтінім жарамсыз деп есептеледі және тіркеуге жатпайды.

5.1.2. Байқауға қатысушы YOUTUBE.COM арнасына ұзақтығы 1-ден 3 минутқа дейінгі, жанры мен орындау стилі бойынша әртүрлі, екіден аспайтын байқау қойылымдарының бейнежазбаларын жүктейді. Көруге арналған сілтемені көшіріп, қатысушының сауалнама-өтініміндегі «бейнежазбаға сілтеме» тармағына қою керек және оларға пікір жазу мүмкіндігі өшірілген болуы керек.

Роликтің атауында тақырыбы мынадай ретпен жазылуы керек:

Облысы/жанры/ұжымның атауы немесе қатысушының ТАӘ/байқауға қатысу нөмірінің атауы/I кезең .

Мысалы: Ақтөбе облысы/вокал/Арманов Арман Арманұлы/сөзі: М. Мақатаев, әні: Н. Тілендиев «Саржайлау».

5.1.3. Қойылымды кез-келген техникада *(телефонда, кәдімгі немесе кәсіби бейнекамерада, MIN-8MP камерасында)* жазуға болады. Әр қойылым бөлек жазылуы керек. Орындаушы/ұжым анық көрініп, анық естілуі тиіс, сондай-ақ байқаудың техникалық талаптары сақталған және **2025 жылдан ерте емес** мерзімде жазылған жағдайда кез келген үй-жайда *(сахна, сынып, аудитория және т.б.)* түсірілген кез келген іс-шарадан мұрағаттық жазбаны ұсынуға болады.

Назар аударыңыз! Нәтижелер мен қазылар алқасының бағалары ұсынылған бейнематериалдың сапасына да байланысты болады *(егер сілтеме қолжетімді болмаса, аудио және бейнежазбаның сапасы төмен болса, акустикалық шуларға жол берілмейді).*

Мысалы, егер бейнежазба ұзақ қашықтықтан түсірілген болса немесе қатысушы нашар көрінсе немесе даусы нашар естілсе, онда қазылар алқасы қойылымды әділ бағалай алмайды.

5.2. Электрондық тасымалдағыштарға жазылған байқаулық жұмыстарға қойылатын талаптар

5.2.1. **Номинация: «Аспаптық жанр» (соло, 10 адамға дейінгі ансамбль).** Номинация стильдері: «Классикалық» және «Халықтық». Міндетті талаптар: 1 және 2 шығармалар сипаты бойынша қарама-қайшы болуы керек. Бір нөмірдің ұзақтығы 3 минуттан аспауы керек. Қазылар алқасының бағалау өлшемшарттары: 1) «Орындау сапасы және аспапты меңгеру шеберлігі»; 2) «Репертуарды іріктеу және күрделілігі»; 3) «Музыкалық шығарманы көркемдік түсіндіру, әртістік өнер».

5.2.2. **Номинация: «Вокал» (соло, дуэт).** Міндетті талаптар: байқау туындылары «минус» фонограммасымен орындалуы тиіс, вокалистердің «плюс» фонограммасымен

өнер көрсетуіне жол берілмейді. Бэк-вокалдық партияларда солистің негізгі партиясы қайталанатын фонограмманы пайдалануға рұқсат етілмейді. Әр жас санатындағы орындалатын шығармалар сипаты, жанры және сахналық бейнесі жағынан қарама-қайшы болуы тиіс. Орындаушының репертуары оның жасына сәйкес келуі тиіс. Байқау туындыларының бірі қазақ тілінде орындалады. Екінші байқаулық шығарма кез келген тілде орындалады

Әр нөмірдің ұзақтығы 3 минуттан аспауы керек. Бағалау өлшемшарттары: 1) «Орындау техникасы», 2) «Вокалдық және сахналық деректердің әнге сәйкестігі», 3) «Әртістік өнері, киімі, сахна мәдениеті».

5.2.3. **Номинация: «Хореография»** (халықтық, эстрадалық би). **12 адамға дейінгі ансамбль.** Міндетті талаптар: әр бидің ұзақтығы 3 минуттан аспауы керек. Осы номинацияға келесі бағыттарда жұмыс істейтін ұжымдар қатыса алады: хип – хоп, брейк-данс, шоу-би, клуб биі, ерікті бағдарламадағы халық биі. **Қазылар алқасының бағалау өлшемшарттары:** 1) «Балетмейстерлік жұмыс» (репертуардың таңдауы мен күрделілігі, идеясы, өзіндік ерекшелігі мен ойын-сауықтығы, композициялық-драмалық шешімдері, суреті, хореографиялық бейнелері, костюмнің сәйкес келуі, көркемдік безендірілуі мен номердің реквизиті, музыкалық сүйемелдеуі); 2) «Орындау мәдениеті» (сахналық бейнесі мен бидің сипатына сәйкестігі, әртістік шеберлігі, орындау техникасы мен мәнері, сахна мәдениеті); 3) «Репертуарды таңдау және оның күрделілігі». Қазылар алқасының мүшелері: педагогтің репертуарлық ізденісін, репертуардың қатысушылардың жасына, шығармашылық (техникалық) мүмкіндіктеріне сәйкестігін ескеретін болады.

5.2.4. **Номинация: «Дәстүрлі ән өнері»** (әнші-солист, өзіне музыкалық аспапта сүйемелдеумен, **5 адамға дейінгі ансамбль**). Әр жас санатындағы орындалатын шығармалар сипаты, жанры және сахналық бейнесі жағынан қарама-қайшы болуы тиіс. Орындаушының репертуары оның жасына сәйкес келуі керек. Байқаулық шығарма қазақ тілінде орындалады. Әр нөмірдің ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс. **Бағалау өлшемшарттары:** 1) «Орындау техникасы», 2) «Вокалдық және сахналық деректердің әнге сәйкестігі», 3) «Әртістік өнері, киімі, сахна мәдениеті».

5.2.5 **Номинация: «Әлеуметтік бейнежазба»** (жеке орындау)

Бағыты: «Туған өлкенің мәдениеті мен дәстүрлері» тақырыбындағы әлеуметтік ролик (бір бейнежазба).

Техникалық орындалуы

• Түсірілім сапасы: Кескіннің анықтығы, кадрдың тұрақтылығы, дұрыс жарықтандыру.

• Дыбыстық сүйемелдеу: Дыбыстың сапасы, дәстүрлі музыканы немесе фольклорды пайдалану.

• Монтаждалуы: Өтулердің қисындылығы мен біркелкілігі, монтаждың автордың түпкі ойына сәйкестігі.

Бейнежазбаның ұзақтығы: **(30 секунд - 3 минут)**

• Бейнежазба мәлімделген «Әлеуметтік бейнежазба» номинациясына сәйкес келуі керек.

• Ажыратымдылығы: HD, Full HD

• Оңтайлы өлшемі - 1280 x 720

• Ені - кемінде 600 пиксель

• Бейнежазба форматы -MP4

Сілтемені google немесе yandex-те backstage түсірілімдердегі фотосуреттермен бекітіңіз

Қазылар алқасының бағалау өлшемшарттары: 1. Тақырыпты ашу: ұсынылған мәдени элементтердің дәлдігі мен сенімділігі (әдет-ғұрыптар, костюмдер, музыка, би, қолөнер және т.б.); тарихпен байланыс: дәстүрлердің тарихи тамырларын және олардың қазіргі заман үшін маңыздылығын атап өту.

2. Шығармашылық тәсіл: тақырыпты ұсынудың бірегей тәсілі (мысалы, жеке тарих, анимация, деректі стиль және т.б. арқылы); орындаудың креативтілігі: (түсірудің, монтаждаудың, графиканың немесе анимацияның қалыптан тыс әдістерін қолдану).

3. Әдептік орындылығы - әртүрлі халықтардың мәдениетін құрметтеу, біреудің сезімін қорлайтын элементтердің болмауы.
4. Қатысушылардың жасына сәйкестігі: балалардың жұмысты қаншалықты орындағаны (ересектердің барынша аз көмегімен, түсірілім алаңындағы фотосуреттер - Backstage).

5.3. Егер нақты номинацияға қатысушылар саны байқаудың техникалық мүмкіндіктерінен асып кетсе, ұйымдастыру комитеті кез келген номинация бойынша өтінімдерді қабылдауды жарияланған мерзімге дейін (2025 жылғы 01 сәуірге дейін) жабу құқығын өзіне қалдырады.

6. «КҮНДІЗГІ ӨҢІРЛІК» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1. Екінші кезең кеңейтілген шеберлік сабақтарының бағдарламасын, күндізгі кезең қатысушыларын марапаттау рәсімін және Гала-концертті қамтиды. Екінші кезеңнің міндеттері: қатысушылардың орындаушылық шеберлік деңгейін арттыру, жоғары кәсіби мамандардың кәсіби тәуелсіз бағалауы, әр қатысушымен жеке жұмыс, орындаушылық деңгейін арттыру үшін үй тапсырмасын қалыптастыру, тәжірибе беру, репертуармен жұмыс.

6.2. Екінші кезеңнің қатысушылары – тәуелсіз қазылар алқасының хаттамасына сәйкес айқындалған сырттай-қашықтықтан өткізілген байқаудың (I кезеңнің) лауреаттары арасынан іріктелген жеңімпаздар. Қатысушылар тізімі осы Ереженің 4.3-тармағында көрсетілген тәртіппен 2026 жылғы 5 мамырға дейін қалыптастырылады. Шеберлік сабақтарының бағдарламасына, марапаттау рәсіміне және Гала-концертке Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарының әр өңірінен балалар мен педагогтар шақырылады. Екінші «күндізгі өңірлік» кезеңде бес номинация (хореография, вокал, дәстүрлі ән өнері, аспаптық жанр, әлеуметтік бейнебаян) бойынша бірінші сырттай- қашықтықтан өткізілген байқаудың жеңімпаздары арасында сайыс өтеді. **Мәскеу қаласында өтетін «Біріктіруші мәдени форум» байқауының үшінші кезеңіне қатысу құқығымен әрбір номинация бойынша Гран-при иегерлері анықталатын болады.**

6.3. 6 күнге шақырылған қатысушыларға арналған бағдарлама (тұруды, тамақтануды және жол жүруді қамтамасыз ете отырып):

1-күн. Байқауға қатысушылардың келуі. ТЖ және автовокзалдарда, әуежайда байқауға қатысушыларды қарсы алу. Қонақ үйлерге орналастыру, түскі ас, кешкі ас, бағдарламамен танысу.

2-күн. Қонақ үй мейрамханаларында таңғы ас. Номинациялар бойынша байқаулық сөз сөйлеулер. Ресми марапаттау рәсімі (екінші кезеңнің нәтижелерін тиісті дипломдар мен бағалы сыйлықтарды табыстай отырып жария ету). Түскі ас. Экскурсия. Кешкі ас. Дискотека.

3-күн. Қонақ үй мейрамханаларында таңғы ас. Номинациялар бойынша байқаулық өнер көрсетілімдерін өткізу. Ресми марапаттау рәсімі (екінші кезеңнің нәтижелерін тиісті дипломдар мен бағалы сыйлықтарды табыстай отырып жария ету). Түскі ас. Экскурсия. Кешкі ас.

4-күн. Қонақ үй мейрамханаларында таңғы ас. Теориялық және практикалық шеберлік сабақтарының кеңейтілген бағдарламасы (жоғары кәсіби оқытушылар, сахна шеберлері, актерлер), қойылымдарды жеке талдау. Түскі ас. Гала-концертке дайындық, кешкі ас.

5-күн. Қонақ үй мейрамханаларында таңғы ас. Гала-концертке дайындық, түскі ас, қорытынды Гала-концерт, кешкі ас.

6-күн. Қонақ үй мейрамханаларында таңғы ас. Байқауға қатысушылардың өз қалаларына қайтуы.

6.4. II кезеңге қатысу үшін қазылар алқасының мүшелері таңдаған қатысушыларға ресми шақыру жарияланады. Педагог пен қатысушы байқаудың II кезеңіне қатысуға өзінің келісімін растауы тиіс. Келісім қатысушыны байқауға ұсынған мекеменің бланкісінде ресімделуі тиіс. Қатысушылардың тізімі, директордың қолы және мөрдің болуы міндетті; қатысушылар мен басшылардың тізімі (Т.А.Ә., ЖСН, тіркелуі бойынша мекенжайы, жеке куәлігінің нөмірі, кім бергені, берілген күні) бөлек жасалады, жеке куәлігінің көшірмесі болуы керек. Жеке куәлік болмаған жағдайда (14 жасқа дейінгі азаматтар үшін) туу туралы куәліктің көшірмесін электронды түрде жіберу қажет. Электрондық хаттың тақырыбында ұжымның атауын (немесе жеке орындаушының аты-жөнін) және тұрғылықты жерін көрсету қажет.

7. «БІРІКТІРУШІ МӘДЕНИ ФОРУМЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢ БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУ

7.1. Өткізу орны: Мәскеу қаласы.

Өтетін күні: 2026 жылғы желтоқсан айы.

Өткізу формасы: мамандандырылған мекемелердегі байқаулық қойылымдар, шеберлік сабақтары бағдарламасы, ресми марапаттау рәсімі (байқаудың III кезеңінің нәтижелерін жариялау), қорытынды Гала-концерт. Бағдарлама: 1-ші күн: Мәскеуге келу, қонақүйге орналасу (14.00-ден бастап), түскі ас, бос уақыт, жиналыс, кешкі ас. 2-ші күн: номинациялар бойынша байқаулық қойылымдар, бағыттар бойынша практикалық шеберлік сабақтары. 3-ші күн: экскурсиялық бағдарлама, таңғы ас, түскі және кешкі ас. 4-ші күн: қатысушыларды ресми марапаттау рәсімі, Гала-концерт, таңғы ас, түскі және кешкі ас. 5-ші күн: таңғы ас, қонақ үйден шығу (12.00-ге дейін).

7.2. III кезеңге қатысушылар – байқаудың екінші кезеңінің Гран-при иегерлері. Әкімші (Қайырымдылық жасаушының қаражаты есебінен) Мәскеу қаласындағы қатысушыларға: қонақ үйде тұруды (4 күн), тамақтануды (4 таңғы ас, 4 түскі ас, 4 кешкі ас) қамтамасыз етеді, әуе билеттерін сатып алады.

8. ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК САБАҚТАРЫНЫҢ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ.

8.1. Қазылар алқасы мүшелерінің тізімі байқау басталғанға дейін жарияланбайды.

8.2. Байқау қазылар алқасы мен жетекші шеберлік сабақтарының құрамына Қазақстанның жоғары білікті және тәжірибелі мамандары, шығармашылық ұжымдардың педагогтары, режиссерлер, әуесқой және кәсіби ұжымдармен және орындаушылармен жұмыс істеу теориясын, әдістемесі мен практикасын жақсы білетін мәдениет және өнер қайраткерлері кіреді. Тәуелсіз қазылар алқасын Төраға басқарады. «Жақтап» және «қарсы» дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Байқаулық қойылымдарды талқылау қорытындысы қазылар алқасы мүшелері отырысының хаттамасы болып табылады. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті шешім болып табылады және өзгертуге жатпайды. Қазылар алқасының мүшелері жұмыстарды келесідей бағалайды: бірінші кезеңде – орналастырылған бейне материалдар бойынша, екінші кезеңде – қатысушылардың тікелей қатысудағы қойылымдары бойынша.

8.3. Қазылар алқасы мен Әкімшінің ресми марапаттау рәсіміне дейін байқау нәтижелерін жариялауға құқығы жоқ.

Байқауды ұйымдастыру және өткізу бойынша сізді қызықтыратын барлық сұрақтар бойынша ақпаратты Байқау Әкімшісі – «Бақыт бұлағы» Қоғамдық қорынан алуға болады.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Астана қ.
Жоба жетекшісі – Шарденбаева Ботагөз Есмсейітқызы,
тел: 8 701 42 42 152
сайт: **www.jas-tolqyn.kz**